

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан бергі уақыттың ішінде Петропавл қаласының өнеркәсіп, транспорт және мекемелердегі қызметкерлерден облысымыздың колхоздары мен МТС-теріне тікелей жұмыс істеуге 300-ге жуық маман барды. Оның үстіне қаланың кәсіпорындары МТС-тер мен колхоздардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға, құрылыс жұмыстарын жүргізуге, ауыл шаруашылық еңбекшілерінің арасындағы саяси-көпшілік жұмысты жақсартуға нақтылы көмек көрсетуде. Қала кәсіпорындарының колхоздар мен совхоздарға материалдық-техникалық көмек көрсету ісі де едәуір жақсара түсті. Сайын келгенде, кәзіргі уақытта өздері қамқорлыққа алған шаруашылықтарға кәсіпорындары үнемі көмектесіп отыратын болды.

Мұның барлығы ауыл шаруашылығының алдына қойылған міндеттердің әрқайсынан қала еңбекшілері тарапынан жаңды қолдау табатындығын айқын дәлелдейді. Тазетіміздің бүгінгі санында Петропавл станциясының жас паровозшыларының комсомолецтер мен жастарға арнаған үндеуі жарияланып отыр. Олар өздерінің үндеуінде кәсіпорындарында, транспортта, мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін жастарды тракторшы болуға тілек білдірген паровозшылардан үлгі алуға және сүйікті Отанымыздың ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін күресушілердің алдыңғы қатарында болуға шақырады. Бұл — шын мәніндегі патриоттық бастама.

1954 жылы облыс ауылшаруашылық қызметкерлерінің, әсіресе машина-трактор станцияларының механизаторлары алдың-

Бұл бастаманы бүкіл облысымыздың комсомолецтері мен жастарының қолдауындағы күмәнсіз. Олай болса партия, комсомол ұйымдары жастардың инициативасын қолдаумен қатар, паровозшылардың үндеуінің жастарға кеңінен түсіндірілуін, оны талқылауға барлық жас жұмысшылар мен комсомолецтердің қатыстырылуын ұйымдастыруға тиіс.

Сонымен қатар тракторшы болып машина-трактор станцияларына оралатын, ауыл шаруашылығының белгілі бір мамандығын меңгеру үшін училищелер мен курстарға оқуға баратын жастарға нақтылы қамқорлық жасалуы керек. Ең алдымен олардың жұмыс істеуіне және оқуына материалдық қолайлы жағдай туғызуды МТС-тер мен оқу орындарының басшылары алдын ала ойластыратын болулары керек.

Ауыл шаруашылығының барлық саласын бірдей партиямыз бен үкметіміздің алға қойған талаптарына сәйкес жедел қарқынмен өркендету — кәзіргі уақыттағы аса маңызды міндет. Бұл міндетті орындауға әресе жастар белсене қатысуға тиіс. Петропавл паровоз депосының комсомолецтері мен жастары ауыл-селоға жұмысқа баруға және ауылшаруашылығының мамандарын даярлайтын училищелер мен курстарға баруға тілек білдіріп, игілікті бастама жасады. Бұл бастаманы жаппай қолдау — ең алдымен комсомол ұйымдарының абройлы міндеті.

Комсомолецтер мен жастар! Жас паровозшылардың игілікті бастамасын қызу қолдайық! Сөйтіп, ауыл шаруашылығын жедел қарқынмен өркендету жолындағы бүкілхалықтық күреске лайықты үлесімізді қосайық!

Республикалық сайлау комиссиясының мәжлісі

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін Қазақ ССР-ның сайлау комиссиясының бірінші мәжлісі болды.

Республикалық сайлау комиссиясы сайлауға әзірліктің барысы туралы мәселе талқылады. Республиканың Жоғарғы Советінің Президумы Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссияларының құрамын бекітті. Республикада сайлау участоктерін құру аяқталып келеді. Барлық жерлерде сайлаушылардың тізімдерін алу, сайлау участоктері үйлерін жабықтау, полиграфиялық базаны сайлау бюллетеньдерін басуға әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Байланыс органдары республикалық, округтік және участоктік комиссиялардың арасында байланыс жасауы үшін қосымша телеграф, телефон және байланыстың басқа түрлерін ұйымдастыруда.

Мәжлісте Республикалық сайлау комиссиясының жұмыс жоспары, сайлау комиссияларының кезекші графигі бекітілді. Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін Қазақ ССР-ның сайлау комиссиясының жанында Заң консультациясын ұйымдастыру жөнінде қарар қабылданды.

(ҚазТАГ).

Әрбір кеншілер поселкесінде теплица шаруашылығы бар

СТЕПНЯК. (Ақмола облысы). (ҚазТАГ). Далада 30 градус аяз, ал Степняктың қала маңындағы шаруашылығының теплицаларында жас оwoщ пісіп жетілуде. Оwoщтың алғашқы өнімі жыйналып, асханаларға көптеген жас пияз, шалғам, қыяр жөнелтілді.

Алыстағы кеншілер поселкелері де теплица-парник шаруашылығын жасауда. Бестөбе поселкесінде теплицаға шы-

ны орнату жұмысы аяқталды. Осы поселкелік кеншілері март айында оwoщ ала бастайды. Сталин руднигінің көмекші шаруашылығы жанында ірі теплица шаруашылығы құрылды. Оның құрылысына миллион сом қаржы босатылды. Мұнда теплицалар Бөгембай жылылық — электр станциясынан алынған бумен жылытылатын болады.

нуға жыйналған.

Жыйналыста бірінші болып сөз алған оқытушы Лысенко жолдас совет халқы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын зор өндірістік және саяси өрлеу үстінде қарсы алғалы отырғандығы туралы айтты.

— Біз участоктік сайлау комиссиясының құрамына, — деді ол, — өз арамыздан өкіл ұсынғалы отырмыз. Мен участоктік сайлау комиссиясының құрамына мектеп директоры Дария Алексеевна Козенкова жолдастың кандидатурасын ұсынамын. Козенкова жолдас өзінің саналы өмірін коммунизмнің болашақ құрылысшыларын тәрбиелеуге жұмсап келе жатқан үлгілі педагог.

Колхозшылардың кандидаттары

СМИРНОВО. Совет ауданының колхоздарында участоктік сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну саяси және өндірістік зор өрлеу үстінде өтуде. Колхозшылар участоктік сайлау комиссияларының құрамына еліміздің таңдаулы ұлдары мен қыздарын ұсынуда.

«Бөктерек» ауылшаруашылық артелінің мүшелері № 337 Аманкелді сайлау участогінің құрамына озат сауыншы Қаныш Шәменованың кандидатурасын ұсынды. Шәменова жолдас өткен жылы зор өндірістік табысқа жеткен болатын. Ол өзіне бекітілген 15 сауын сыйырдың әрқайсысынан 1900 литрден сүт сауып, 15 бұзау өсірді. Быйылғы жылы озат сауыншы әрбір сауын сыйырдан 2 мың литрден сүт алуға міндеттенген болатын. Шәменова жолдас өзінің бұл міндеттемесін аброймен орындап келеді.

№ 336 Григорьевка сайлау участогінің

датурасын ұсынған қаулыны бірауыздан қабылдады.

Участоктік сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсынуға арналған жыйналыс Совет астық совхозында да болып өтті. Совхоз жұмысшылары № 62 участоктік сайлау комиссиясының құрамына совхоздың таңдаулы механизаторы Павел Гайворонскийдің, ал, жөндеу мастерскойы жұмысшыларының коллективі участоктік сайлау комиссиясы құрамына совхоздағы құрылыс жұмыстарының басқарушысы Павел Семенович Тюленов жолдастың кандидатураларын ұсынды.

құрамына «Борьба за коммунизм» колхозының мүшелері колхозшы Құбан Елеусізваны ұсынды. Ол колхоздағы озат еңбек нелерінің бірінен саналады.

Участоктік сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсынуға арналған жыйналыс Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде де болып өтті. Колхозшылар № 330 Рублевка сайлау участогі комиссиясының құрамына колхоз председателі Омар Қанафин жолдасты ұсынып қаулы алды. Ал, колхоздың бастауынш комсомол ұйымы участоктік сайлау комиссиясының құрамына өздерінің өкілі етіп, № 2 дала бригадасының бригадирі, жас колхозшы Петр Алексеевич Данилов жолдастың кандидатурасын ұсынды.

Участоктік сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар ұсыну ауданның басқа да колхоздарында қызу жүргізілуде.

Таңдаулы адамдарды ұсынды

Қаладағы Киров атындағы заводта ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін участоктік сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсынуға арналған коммунистік, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының және жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналыстары болып өтті.

Участоктік сайлау комиссияларының құрамына заводтың коммунистік ұйымы күзет бастығы В. Д. Семенов, цех бастығы В. Ф. Шевелов жолдастардың, кәсіподақ ұйымы аға технолог Е. И. Степанцева, мастер Л. Я. Иванов жолдастардың, комсомол ұйымы слесарь Р. М. Бекмаматова жолдастың кандидатураларын ұсыну жөнінде қаулы алды.

Жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы жыйналысында участоктік сайлау комиссиясының құрамына жақында Совет Армиясы қатарынан келген, революершик

мамандығын үйренуші Мағжан Берденбеков жолдас бірауыздан ұсынылды.

— Біздің елімізде жастар ССРО Конституциясының нұрына бөленген, — деді жыйналыста механикалық цех бастығының орынбасары Архипов жолдас. — Олар еңбек етуге, білім алуға, дем алуға, сонымен қабат еліміздің саяси өміріне қатысуға толық праволы. Мағжан Берденбеков сайлау комиссиясы мүшесінің міндетін аброймен орындайды деп сенім білдіремін.

Жыйналыста заводтың жұмысшылары мен қызметкерлері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Бүкілхалықтық мереке — сайлау күніне завод коллективі кәзіргі бар өндірістік алаңды кеңітпей, оны тиімді пайдалану арқылы жоспардан тыс мыңдаған сомның жалпы өнімін шығарумен келмек.

ЗОР БЕЛСЕНДІЛІКПЕН

Соколов ауданында участоктік сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыстар зор белсенділікпен өтуде. Ауданда барлығы 19 сайлау участоктері құрылды. Олардың алтауында участоктік комиссиялардың құрамына кандидаттар ұсынылды. Село еңбекшілері участоктік сайлау комиссияларының құрамына өздерінің таңдаулы

мал өсірушілерінің, егіншілерінің өсімдерін атауда.

Пушкин атындағы колхозда жыйналыс колхозшылардың зор белсенділігімен өтті. Олар сауыншы Лебедева және артель председателі Дмитриев жолдастардың кандидатурасын участоктік сайлау комиссиясының құрамына ұсынды.

НАН

(Одақтас республиканың аты)

Сайлау бюллетенінде өзіңіз дауыс беретін Бір кандидаттың фамилиясын қалдырып, басқаларын сызып тастаңыз.

Депутаттыққа ұсынылған кандидаттың фамилиясы, өзінің аты және әжесінің аты

Депутаттыққа кандидатты кім ұсынаған.

Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін . . . округтік сайлау комиссиясының председателі: . . .

ССР Одағының Жоғарғы Советін САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ

1954 жылғы „ . . . “ . . .

Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № округі

НАН

(Автономиялы республиканың, облыстың немесе ұлт округінің аты)

Сайлау бюллетенінде өзіңіз дауыс беретін Бір кандидаттың фамилиясын қалдырып, басқаларын сызып тастаңыз.

Депутаттыққа ұсынылған кандидаттың фамилиясы, өзінің аты және әжесінің аты

Депутаттыққа кандидатты кім ұсынаған.

Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін . . . округтік сайлау комиссиясының председателі: . . .

